

Международный научно-популярный журнал
ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№2 (44) 2017



ҚАЙРАТ АБДУАЛИЕВ
Сарыағаш ауданының әкімі

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ
КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**

**Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal**

№2 (44) 2017

Бас редактор — Е.О. Алауханов
«Қазакстанның еңбек сіңірген қайраткері», заң ғылымдарының докторы, профессор

Главный редактор — Алауханов Е.О.
«Заслуженный деятель РК», доктор юридических наук, профессор

Editor-in-chief — Alaukhanov Y.O.
«Honored Worker of the Republic of Kazakhstan», Doctor of Law, professor

Астана 2017

Есжанова Гульшат Қуанышқызы

Қазақ Еңбек және Әлеуметтік Қатынастар Академиясы, Алматы қ., gulshat.ezhanova@mail.ru

Ахметалиева Гульшат

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті,
Алматы қ, E-mail: gulshat.ahmetali@mail.ru

ӨЗДІК, СІЛТЕУ ЕСІМДІКТІ ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Түйін: Бұл мақалада тура толықтауыш қызметінде есімдіктің өздік, сілтеу түрлері қарастырылған. Сол сияқты зерттеу барысында тура толықтауыш қызметінде есімдіктің түрлерінің бәрі бірдей емес екенін байқадық. Сондай-ақ есімдіктердің тура толықтауыш қызметінде көптеліп те, тәуелденіп те келеуі; сілтеу есімдіктерінің тура толықтауыш қызметінде жеке-жеке жұмсалып қоймай, олардың қосарланып та жұмсалыуы; өз есімдігіне туралы шылауы жалғанғанда, онда өз есімдігі нольдік тұлғада келуі арқылы тура толықтауыш болуы да сөз болады.

Түйін сөздер: тура толықтауыш, өздік есімдігі, сілтеу есімдігі, синтаксистік қызмет, етістік.

Резюме. В данной статье рассматриваются способы образования прямого дополнения, выраженного возвратными и указательными местоимениями. В ходе исследования было определено, что не все разряды местоимений могут употребляться в роли прямого дополнения. Также было выявлено, что указательные и возвратные местоимения в роли прямого дополнения могут изменяться по числам, принимать форму притяжательности; указательные местоимения в роли прямого дополнения могут употребляться как отдельно, так и в составе словосочетаний; возвратное местоимение өз с нулевым окончанием в сочетании с союзом туралы употребляется в роли прямого дополнения.

Ключевые слова: прямое дополнение, указательные местоимения, возвратные местоимения, синтаксическая функция, глагол.

Summary. given article takes into account the ways of forming direct object, expressed by reflexive and demonstrative pronouns. While researching it was determined, not all kinds of pronouns can be used as direct object. As well, it was found out, that demonstrative and reflexive pronouns in the role of direct object can be changed in numbers, take the form possessiveness; demonstrative pronouns can be used separately or in word-combinations; reflexive pronoun "өз" with zero ending with the conjunction "туралы" is used as direct object.

Key words: direct object, demonstrative pronoun, reflexive pronoun, syntactical function, verb.

Өздік есімдікті тура толықтауыш. Барлық есімдіктердің ішінде жеке дара сөз болып, мақ-

лалар жазылып жүргені өз есімдігі. Б.Кәтембаеваның өз есімдігіне арналған жеке мақаласында оның морфологиялық өзгерісі, өзіндік табиғаты жазылып жүр, бірақ онда автор оның синтаксистік жағына назар аудармайды./1,70/.Есімдікті сөз тіркестері арнайы түрде проф. М. Балақаевтың, онан кейін проф. Р.Әмірмен басқа да ғалымдар еңбектерінде айтылып келді. Ол еңбектерде жалпы есімдіктердің тек қабыса байланысы айтылды да, онда әсіресе өз есімдігінің толықтауыш, оның ішінде тура толықтауыш қызметінде жұмсалыуы бірер мысалмен көрсетілді. Көбінесе олар тек жіктеу есімдіктерінің гана толықтауыш болуы жайлы тоқталады. Өз есімдігі,біздің пікірімізше, морфологиялық өзгерісте тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Тәуелденіп келген өз есімдігі арқылы былайша жасалады: I жақ өз есімдігі: Өмірі өзімді олардың алдында борыштармын деп білетін болам. (Т.Нұртазин).II жақ өз есімдігі: Кешке дейін полиция тобы өзіңді, жігіттерінді бұғаулап, абақтыға бір-ақ әкетеді. (Т.Нұртазин).III жақ өз есімдігі: Жарықтық, кірпияз, өзін ұстайтын кісі еді. (С.Адамбеков).

Өз есімдігі көптік жалғауда келіп те алдымен тәуелденіп барып үш жақта бірдей тура толықтауыш қызметінде жұмсала береді: Өзімізді осында ерекше сыйлап отыр (Жұлдыз). Өздерін осы ауылдың ең мықтылары деп отырғанын талай естідік (Қ. Жұмаділов).

Өз есімдігінен көптеген қос сөздер жасалу арқылы да тура толықтауыш жасала береді. Тілші ғалым Б.Кәтембаева өз сөзінің қосарланып келуінде тек өзді-өзі түрін /1;70/ ғана көрсетумен шектелсе, біздіңше ол сөзден мынадай қосарланған түрлерін де көруге болады: өзімді-өзім, өз-өзім осы қос сөзді өз есімдіктері де тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Қайта өзімді-өзім менгеріп, кеудесінен теуіп жібердім, абырой болғанда –деп, ашуы тарай бастаған Талбике күліп жіберді (С.Адамбекова). Күні ертең біреуден сөз естімес үшін бүгін өзіңді-өзің сөгіп үлгер (М. Қабанбай). Әр ұлт өз-өзін сыйласа, қорғана да білу керек (М.Қабанбай). Өзімді-өзім зорға тежеп, әрең тоқтадым (Ә.Несин). Дегенмен өзі түсінер деп, өзін-өзі жұбатып қояды (С.Тәнекеев). Осы сөйлемдерде өз есімдікті қос сөздерді екі топқа бөлуге болады. Біріншісі: өз-өзіңді, өз-өзің. Мұндай қос сөздердің біріншісі нольдік, екіншісі сыңары табыс жалға-

уында тұр. Алайда олардың тура толықтауыштық қасиеті дау тудырмаса керек. Сондықтан да ондай тура толықтауыштар сыйласу, қорғану, сөгіп үлгеру сияқты сабақты етістіктермен байланыста айтылған. Екінші топтағы өзiмдi-өзiм, өзiн-өзi қос сөздерiнiң бiрiншi сыңары табыс жалғауында, екiншi сыңары нольдiк және тәуелдiк тұлғада тұр. Мұндай жағдайда бұлардың тура толықтауыш болуын олардың байланысатын етiстiктерiмен бiрлiкте алып шешпесе, нақты тура толықтауыш екендiгiн ойлану керек болады. Сонда: Өзiмдi-өзiм менгерiп, Өзiмдi-өзiм тежеп, Өзiн-өзi жұбатып қояды- деген үш қос сөздiң де бiрiншi сыңарлары табыс жалғауда, екiншi сыңарлары тәуелдiк жалғауда (I,II) бастауыштық тұлға арқылы берiлген. Сонда бұл қос сөздердегi табыс жалғауы тура толықтауыштың көрсеткiшi бола алмаса керек. Бұл үш қос сөздiң де синтаксистiк қызметi олардың соңғы сыңарының негiзiнде айқындала келе олар толықтауыш емес, бастауыш болып келедi.

- Кейде өз есiмдiгi түрлi морфологиялық өзгерiстерде келе бередi. Осындай ауытқулардан жетпiс жыл бойы санаға сенген «Өзiндiгiңдi» өмiрде де, өнерде де – өрiстет деген саясаттың салқынын байқауға болады (Егемен Қазақстан).

Осы сөйлемдердегi өз есiмдiгi, бiрiншiден тәуелденiп, екiншiден, табыс септiгi, үшiншiден, дық жұрнағы, онан кейiн н тағы да табыс жалғауы арқылы келген, бiрақ түбiрi өз есiмдiгi екенi анық. Бiрақ ол сөзден дық жұрнағы арқылы жаңа сөз жасалып сын есiм сөз табына ауысқан. Сонда ол сөз өзiндiк мәселе, өзiндiк ойлар сияқты анықтауыштық қатынаста айтылуы керек едi. Сондықтан да ол сөз қаншалықты өз есiмдiгi арқылы тура толықтауыш жасалғанмен, бiз оны таза өз есiмдiктi тура толықтауыш қатарына қоспауды жөн көрдiк.

-нiкi, дiкi қосымшалары зат есiм, есiмдiк, етiстiкке жалғану арқылы тәуелдiк, меншiктiк мағына тудыруға болады. Бұл қосымшалардың ол сөз таптарына жалғануының өзiндiк ерекшелiктерi бар. -Нiкi, дiкi қосымшасы өз есiмдiгiнен басқа сөз таптарына жалғанғанда меншiктi бiлдiрсе, ал өз есiмдiгi бұл қосымшасыз –ақ тәуелденiп барып меншiктi бiлдiредi де тура толықтауыш қызметiнде жұмсалады.

Қаракшы болар баланың мұрны дөн келедi,

Алқаш құлап жатса да өзiнiкiн жөн көредi (Егемен Қазақстан).

Көмекшiсi әлгiнде отыз жетiншi бекетте ұшырасқан тәмпиш танау балаға ұқсап өзiнiкiн дәлелдеп, өжектей бастасын (О.Сәрсенбай). Сен өкiмет малын неге соясың? Әмiрбайды сыйласаң өзiндiкiн соймайсың ба? (Қазақ әдебиетi). Өзiмiздiкiн ғана жөн деп, өзiмiздi ғана ер деп санаймыз (Ж.Сәмитұлы). Осы сөйлемдердегi нiкi қосымшасы өз есiмдiктi тура толықтауыш жөн көредi, сою, дәлелдеу етiстiктерiмен байланысып, нақтылық мәндi көрсетедi. Соңғы сөйлемдегi бiрiншi жақтағы

өзiмiздiкiн тура толықтауыш жөн деп құрама баяндауышпен байланысқа түскен.

Олай болса -нiкi, дiкi қосымшалы өз есiмдiгi әрi сабақты етiстiкпен де, әрi құрама баяндауышпен де байланысып, тура толықтауыш қызметiнде жұмсалады.

- Өз есiмдiгi алдыңғы топтарда үнеми тәуелдiк жалғауда келуi арқылы тура толықтауыштың негiзiн жасайды. Кейде өз есiмдiгiне туралы шылауы жалғанғанда, онда өз есiмдiгi нольдiк тұлғада келуi арқылы тура толықтауыш жасалады. Ақсақал, әуелi өз жайын айтты (М.Мағауин).

Сiлтеу есiмдiктi тура толықтауыш. Сiлтеу есiмдiктерiн екi топқа бөлiп қарастырушылық бар.

1. Өзге сөздер орнына қолданылатын есiмдiктер: бұл, ол, мына, ана, анау, осы, сол.

2. Өзге сөздердiң орнына қолданылмайтын есiмдiктер: мiне, әне, сонау.

Осы екi топты есiмдiктердiң iшiнде бiздiң арнайы қарастыратынымыз-өзге сөздер орнына қолданылатын есiмдiктер. Өйткенi бұл есiмдiктер септеледi, сондықтан да олар сөйлемнiң толықтауыш мүшесi, оның iшiнде тура толықтауыш қызметiнде жұмсалады деп бiлемiз.

Екiншi топтағы есiмдiктер сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейдi, сондықтан да олар сөйлемде оқшау сөздер қызметiнде жұмсалуда тиiс. Бұл, ол, мына, ана, анау, осы, сол есiмдiктерi негiзiнде олар қабыса байланысқан сөз тiркестерiн құрайды. Олардың мағынасы туралы тiлшi ғалым А.Ибатов былай көрсетедi. «Сiлтеу есiмдiктерi аралық қатынастарды бiлдiру жағынан iшiнара «жақын-алысырақ», «жақынырақ-алыс», «жақын-алыс» деген сияқты қарама-қарсы мағыналарда келгенде бұл есiмдiктер қабыса байланысуға бейiм сөздер. Сондықтан оны көбiне нольдiк тұлғада анықтауыштық қатынаста жұмсалады деп келемiз. Ал сiлтеу есiмдiктерi туралы оқулықтағы пiкiрлерге сүйенсек, олардың анықтауыш сөйлем мүшесi ретiндегi ролi басым да, ал олардың септелiп, сөйлемнiң басқа мүшелерi болуы туралы онша айтыла бермейдi. Дегенмен олардың септiк жалғауда толықтауыш қызметiнде жұмсалуды А. Байтұрсынов, М.Балақаев, Р.Әмiр еңбектерiнде бiрер мысал төңiрегiнде сөз болып қалады. Бiрақ ол еңбектерде ол есiмдiктердiң тура толықтауыш болуы, ондай кездегi iшкi қай етiстiктермен байланысы сияқты мәселелерi ескерiле бермейдi. Бiз арнайы түрде сiлтеу есiмдiктерiнiң тура толықтауыш қызметiндегi ерекшелiктерiн көрсетудi мақсат еттiк.

-Бұл есiмдiгi септелген кезде мұның, мұны, мұнда сияқты түрде берiлiп, тура толықтауыш қызметiнде жұмсалады, Кейде мұны есiмдiгi бұны болып та алмасып келедi. Бұны қаладан алдып қайтқалы барған ағайыны Байтас таң атар-атпастан өзi оятып тұрғызып едi (М.Әуезов). Абайдың құбылысы орасан болғанымен, ендi Ербол бұны

түсіне бастады. (М.Әуезов). Сағатов келер сұмдық сұрақтарды күтсе де, тап мұны күткен емес (З.Шашкин). Мұны тұқым қылып жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық деді (ертегі).

Кейде олар көптеліп келіп те жұмсалады: Бұларды Абай: Не қылса елден келді, жүрістері қантаң екен, оқшау суық хабармен келген болмаса игі еді – деп, үйге кірулерін асыға күтті (М.Әуезов). Шеткі ауыл бұларды көріп қалды (М.Әуезов).

-Есімдіктердің ішінде тура толықтауыш қызметінде жиі кездесетіні осы есімдігі. Осыны еске алып кеп, Абай енді күлкіден тыйылды (М.Әуезов). Көну керек деп осыны айта ма екен мына Ғазиза (Х.Есенжанов).

Осы есімдігі тәуелденіп барып та тура толықтауыш қызметінде жұмсалады. Осымды қашан айтты деме! (М.Әуезов).

-Мына есімдігі арқылы: Мынаны түзете алмайтынды мен анық білем (Х.Есенжанов). Мына есімдігі тәуелденіп барып та септеле береді. Мұнысын Едіге де, Борандының басқа да адамдары құп көрді (Ш.Айтматов).

-Ана есімдігі арқылы: Ана есімдігі басқа сілтеу есімдіктеріне карағанда сиректеу. Жұмысқа киіп баратын киімім жоқ, анау ананы киіп келеді, мынау мынаны киіп келеді. (Ана тілі).

-Сол есімдігі арқылы: Сен соны іздеп тауып, осында алып кел (Ана тілі). (М.Қабанбай).

Кейде көптеліп те жұмсалады. Соларды жа-

мап-жасқап жөнделді де, солдаттарға мекен жай етті (Б.Соқпақбаев).

Сілтеу есімдіктері тура толықтауыш қызметінде жеке-жеке жұмсалып қоймай, олар қосарланып та жұмсалады. Жігіттер оны-мұны керек-жарағын темір қобдиына салып алды (О.Бөкеев). Сонымен сілтеу есімдіктері де тура толықтауыштың жасалуының бір тобын құрайтындығын көріп отырмыз.

Сілтеу есімдіктері тура толықтауыш қызметінде көбіне сабақты етістіктермен байланыса келе объектіні көрсету бағытын да айқындайды. Кейде ондай есімдіктер ортақ етістіктермен де байланыса жұмсалады.

Әдебиеттер

1. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. –Б. 151-152.
2. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. Синтаксис. - Алматы: Санат, 1996. -142 б.
3. Ибатов А. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. - Алматы: Ғылым, 1966. -120 б.
4. Сауранбаев Н. Есімдік // Халық мұғалімі. - 1939. - №23. -24б.
5. Кәтембаева Б. «Өз» есімдігінің өзіндік ерекшеліктері туралы. // Қазақстан мектебі. - Алматы, 1960. - № 6. -70б.
6. Сағымбаева Р. Есімдіктердің қолданылуы. // Мақалалар жинағы. - Алматы: 1982. -Б. 48-50

Искакова Жазира Махсутовна, Келдібай Ақтолқын ДЕТЕКТИВ ТУЫНДЫЛАРДЫҢ СЮЖЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ	113
Божеева Айбарша Муратбековна ДИЛОГИЯ ВЛАДИМИРА ТЮЛЬКИНА	117
Мұрағ Қолғанат ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ КИЕЛІ АҒАШ БӘЙТЕРЕК МИФОЛОГЕМАСЫ	119
Темірхан Ләйла Әбсұлтанқызы ОПЕРАТОРЛЫҚ ӨНЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	122

ФИЛОЛОГИЯ - PHILOLOGY

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ «АВТОРЛЫҚ МИФТЕРІНДЕГІ» (НЕОМИФ) МОТИВТЕР МЕН КЕЙІПКЕРЛЕР	127
Cemal Özdemir, Elif Derya Özdemir, Levent Uysal DİLLERİN ORTAYA ÇIKIŞI VE GELİŞMESİ ÜZERİNE BİR DEĞERLENDİRME	131
Абуов Болатбек Уласканович, Қыдырбаев Қалдыбай Арыстанбекұлы «ӨЛ-АҒРАМ» ГАЗЕТІ ТІЛІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ҮЛГІЛЕРІ	135
Балтымова Мира Рашидқызы І.ЕСЕНБЕРЛИННІҢ «КӨШПЕНДІЛЕР» ТРИЛОГИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ.....	140
Абдуова Баян Серікбайқызы ОҚУЛЫҚҚА МӘТІН ТАҢДАУ: ҚАЖЕТТІЛІК ПЕН КЕЗДЕЙСОҚТЫҚ	144
Тойғанбекова Майра Шоданқызы, Наралиева Рахила Тұрсынқызы Сұлтанова Бибігүл Мыңбайқызы, Әбдрасилова Гүлмира ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТІМІЗДІҢ РУХАНИ ІРГЕТАСЫ.....	147
Есжанова Гульшат Қуанышқызы, Ахметалиева Гульшат ӨЗДІК, СІЛТЕУ ЕСІМДІКТІ ТУРА ТОЛЫҚТАУЫШТАРДЫҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ	151
Жорабекова Манат Курманбековна МЕТОДИКА ПРОВЕДЕНИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ПРАКТИЧЕСКОГО РУССКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ КРЕДИТНОЙ ТЕХНОЛОГИИ	154
Саденова Айгүль Ескермесовна, Есбулатова Раушан Макановна ҚЫТАЙ СТУДЕНТТЕРІН ЕКІНШІ ТІЛГЕ ОҚЫТУДАҒЫ КЕЙБІР ҚИЫНДЫҚТАР.....	157
Шайекенов Жангелді Жұмақайұлы, Исмагулова Алмагүл Мерекеқызы М.ҚАБАНБАЙ ПРОЗАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	160